

«Бекітемін»

мектеп директоры

М.А.Умбеталин

«29» 08 2024ж.

«Келісемін»

Директордың тәрбиесі жөніндегі орынбасары:

Д.Т.Бисембаева

«27» 08 2024ж.

Кеңсахара жалпы орта білім беретін мектебі
2024-2025 оқу жылындағы 7-сыныпқа арналған
бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспары

«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ»

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес Біртұтас тәрбие бағдарламасының мазмұны жаңартылды.

Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген ұштаған ұғым арқылы сипаттады. Ұштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының басты идеясына айналды.

• Бағдарламаның мақсаты:

қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

• Бағдарламаның міндеттері:

✓ Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;

адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту; табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

✓ Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;

отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;

өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;

әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

✓ Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;

өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;

еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;

біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

✓ Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдерімен қамтамасыз ету;

білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру.

- **Бағдарлама мазмұны:**

Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;

Қаңтар – заң және тәртіп айы;

Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

- **Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:**

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:

- ✓ **Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық**

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

Негізгі орта мектеп түлегі:

Қазақстанның тарихын, мәдениеті мен дәстүрлерін, оның тәуелсіздігін және оны сақтаудың маңыздылығын түсіну;

Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне құрмет көрсету;

Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне, ұлттық мерекелерге құрмет көрсету;

азаматтық және ұлттық бірегейлікті түсіну;

мемлекеттік тілді меңгеру;

Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау және оны әрі қарай дәріптеу бойынша волонтерлік қызмет пен жобаларға қатысу;

әр түрлі ұлт өкілдерімен сыйластық қарым-қатынас;

Қазақстан азаматының міндеттерін орындауға, өз елінің мүдделері мен құндылықтарын қорғауға дайын болу.

- ✓ **Құндылық: бірлік және ынтымақ**

Құзыреттілік: тиімді коммуникация

Негізгі орта мектеп түлегі:

қоғамдағы әлеуметтік нормаларды, ережелерді білу және түсіну;

сенімді қарым-қатынас орнату және сыныпта жағымды ахуалды сақтай білу;

тек өзі үшін ғана емес, жалпы ұжым үшін де жауапты болуға дайын болу;

бірлескен іс-әрекет пен өзара іс-әрекет кезінде басқалардың пікірлері мен сезімдерін құрметтей білу;

басқалармен жағымды қарым-қатынас орнату білу және қоғамдық өмірге үлес қосу.

✓ **Құндылық: әділдік және жауапкершілік**

Құзыреттілік: қоғамға қызмет

Негізгі орта мектеп түлегі:

өз әрекетін жоспарлау және ұйымдастыру;
әдеп нормасына сәйкес өзінің және басқалардың іс әрекеттерін талдау;
оқу тапсырмасын орындауда табандылық таныту;
берілген ортақ іс үшін ұжым алдындағы жауапкершілікті түсіну;
басқаға көмектесуге, мейірімділік танытуға дайын болу;

✓ **Құндылық: заң және тәртіп**

Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық

Негізгі орта мектеп түлегі:

құқықтық жүйе мен адам құқығы негіздерін білу;
тәртіп пен әділдік, нормалар мен ережелерді сақтау қажеттілігін түсіну;
қоғамды қорғау мен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі заң мен тәртіптің маңыздылығын білу.

✓ **Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік**

Құзыреттілік: инновациялық ойлау

Негізгі орта мектеп түлегі:

өзінің және басқалардың еңбегінің нәтижелерін бағалау;
түрлі мамандықтар мен олардың қызмет ерекшеліктерін зерттеуге қызығушылық таныту;
өз уақытын тиімді жоспарлай білу және кез келген қызметтің нәтижелеріне қол жеткізу үшін күш салу;
еңбек қоғамдық және табысты болудың негізі екенін түсіну;
жеке мүдделерді, қажеттіліктерді ескере отырып, білім мен өмірлік жоспарлардың жеке траекториясын саналы түрде таңдауға және құруға дайын болу.

✓ **Құндылық: жасампаздық және жаңашылдық**

Құзыреттілік: шығармашылық

Негізгі орта мектеп түлегі:

тапсырмаларға шығармашылықпен қарай білу, өз шешімдері мен идеяларын ұсына білу;
өз бетінше әрекет ету және жобаларды іске асыру;
бақылау, өлшеу, эксперименттер мен тәжірибелер жүргізу;
модельдеу, таным объектілерінің құрылымын анықтау, бір бүтіннің әртүрлі бөліктері арасындағы қатынастарды іздеу және болу, процестерді кезеңдерге бөлу, себеп-салдарлық байланыстарды анықтай алу;
оқу есептерін шешудің оңтайлы тәсілдерін таба білу, ол үшін жаңаларын қолдану және бұрыннан таныс алгоритмдерді біріктіру, оларды стандартты емес есептерді шешуге қолдана алу;
әр түрлі таным құралдарын қолдану дағдылары, әлем туралы білім жинақтау (тілдік, оқырмандық мәдениет, ақпараттық, цифрлық ортадағы қызмет).

Әр айдың іс-шаралары :

күнделікті

- «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды
- «**Апта дәйексөздері**» – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады.
- «**Қауіпсіздік сабағы**» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу
- «**Ұлттық ойын – ұлт қазынасы**» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.
- «**Өнегелі 15 минут**» – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.
- «**Үнемді тұтыну**» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу
- «**Күй күмбірі**» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау апта сайын.

7- сыныптардың сынып сағаттарының жұмыс жоспары

Қыркүйек – еңбеккерлік және кәсіби біліктілік айы

1 қыркүйек – «Білім күні»

5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні

Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні

Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні

Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
---	---	---------------	------------	-----------------

1 тоқсан

1-апта дәйексөзі: Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)

02-06.09.2024ж.

1	1 қыркүйек -Білім күні. «Мектебім – мейірім мекені!» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 1-САБАҚ: <i>7- сыныптар:</i> «Жедел жәрдем нөмірлері және сенім телефондары	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	02.09.24ж.
---	--	--------------	-----------------	------------

2-апта дәйексөзі: Жанұяым – қорғаным, ата-анам – тірегім!

09-13.09.2024ж.

2	«Көлік құралдарын пайдалану ережелері» ЖЖЕ №1 / «Отбасындағы сыйластық» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 2-САБАҚ: <i>7- сыныптар:</i> «Бейтаныс адамдармен қарым қатынас кезіндегі қауіпті сигналдар	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	09.09.24ж.
---	--	--------------	-----------------	------------

3-апта дәйексөзі: Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға! (Абай)

16-20.09.2024ж.

3	«Буллингтен қорған!» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 3-САБАҚ: <i>7- сыныптар:</i> «Цифрлық диета» Челленджі: гаджеттерден қысқа уақытқа бас тарту сізге қалай әсер етеді?	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	16.09.24ж.
---	--	--------------	-----------------	------------

4-апта дәйексөзі: Еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы.(Абай)

<u>23-27.09.24ж.</u>				
4	<p>«Еңбегі адал жас өрен» жобасы «Еңбек түбі береке» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 4-САБАҚ <i>7- сыныптар</i> : «Кибербуллингтің түрлері. Әр адамның қауіпсіздігі неде және сіздің әрекеттеріңіздің алгоритмі ұндай болуы керек»</p>	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	23.09.24ж.
<p>Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық 1 қазан – Халықаралық қарттар күні 5 қазан – Мұғалімдер күні 24 қазан – Кітапханашылар күні 25 қазан – Республика күні</p>				
<p>1-апта дәйексөзі: Ел-жұртымның бақыты аталатын, Сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атын! <u>30.09-04.10.24ж.</u></p>				
5	<p>«Қамқор» жобасы «Қоғамға қызмет ету» волонтерлық қызмет. <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 5-САБАҚ <i>7 – сыныптар</i>: «Жағдайларда ата- аналарға сену неге маңызды?»</p>	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	30.09.24ж.
<p>2-апта дәйексөзі: Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас! <u>07-11.10.24ж.</u></p>				
6	<p>«Автомобильдегі медициналық қобдиша» ЖЖЕ №2 / «Ұстазым - ұлағатым, үлгі өнегем!» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 6-САБАҚ <i>7 - сыныптар</i>: «Желідегі қауіпті хобби (треш - стрим)»</p>	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	07.10.24ж.
<p>3-апта дәйексөзі: Отанды сүю – отбасынап басталады! <u>14-18.10.24ж.</u></p>				
7	<p>«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 7-САБАҚ</p>	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	14.10.24ж.

	7- <i>сыныптар</i> : «Судағы қауіпті жағдайларды қалай тануға және судағы жазатайым оқиғалардың қалай алдын алуға болады?»			
4-апта дәйексөзі: Отаным – алтын бесігім! 21-24.10.24ж.				
8	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы Ұлттық мереке 25 қазан – «Республика күні» «Қазақ елі менің - Отаным» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 8-САБАҚ 7- <i>сыныптар</i> : «Өзіңізге және айналасыңдағыларға қауіпсіз велосипед тебуді қалай ұамтамасыз етуге болады»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	21.10.24ж.
II тоқсан				
Қараша – әділдік және жауапкершілік айы 15 қараша – «Ұлттық валюта» тенге күні 16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні				
1-апта дәйексөзі: Әділдік пен жауапкершілік – біртұтас ұғым! 04-08.11.24ж.				
9	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 9-САБАҚ 7- <i>сыныптар</i> : «Қиын кезеңдердегі достық: жанжалда досыңызға қалай қауіпсіз көмектесуге болады!»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	04.11.24ж.
2-апта дәйексөзі: Тура биде тұған жоқ! 11-15.11.24ж.				
10	15 қараша – Ұлттық валюта – тенге күні «Ұлттық валюта-тенге» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 10-САБАҚ 7 – <i>сыныптар</i> : «Менің негізгі құқықтарым мен міндеттерім!»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	11.11.24ж.
3-апта дәйексөзі: Жауапкершілік – адамгершілік қасиеттің көрінісі 18-22.11.24ж.				

11	«Буллингтен қорған!» / «ЖКО-да зардап шегушінің қиімін шешу ережелері» ЖЖЕ.№3 <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 11-САБАҚ 7- <i>сыныптар</i> : «Жедел жәрдем нөмірлері және сенім телефондары	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	18.11.24ж.
4-апта дәйексөзі: Әділетте берік болсаң аяғың таймайды! 25-29.11.24ж.				
12	«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 12-САБАҚ 7- <i>сыныптар</i> : «Бейтаныс адамдармен қарым қатынас кезіндегі қауіпті сигналдар	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	25.11.24ж.
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы 5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні				
1-апта дәйексөзі: Бірлігі күшті ел озады 02-06.12.24ж.				
13	«Қамқор» жобасы «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!» акциясы <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 13-САБАҚ 7- <i>сыныптар</i> : «Цифрлық диета» Челленджи: гаджеттерден қысқа уақытқа бас тарту сізге қалай әсер етеді?	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	02.12.24ж.
2-апта дәйексөзі: Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді 09-13.12.24ж.				
14	«Буллингтен қорған!» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 14-САБАҚ 7- <i>сыныптар</i> : «Кибербуллингтің түрлері. Әр адамның қауіпсіздігі неге және сіздің әрекеттеріңіздің алгоритмі қандай болуы керек»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	09.12.24ж.

3-апта дәйексөзі: Бірлік болмай тірлік болмас <u>16-20.12.24ж.</u>				
15	«Тәуелсіздік – теңдесі жоқ байлығым»/ «Жараланғанда, жаракаттанғанда және жазатайым оқиғалар кезіндегі алғашқы медициналық көмек» ЖЖЕ №4 <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 15-САБАҚ 7- сыныптар: «Жағдайларда ата- аналарға сену неге маңызды?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	16.12.24ж.
4-апта дәйексөзі: Ынтымақ – бұзылмайтын қорған <u>23-27.12.24ж.</u>				
16	«Жаңа жылдық тарту» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 16- САБАҚ 7 - сыныптар : «Желідегі қауіпті хобби (треш - стрим)»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	23.12.24ж.
III тоқсан				
Қаңтар – заң және тәртіп айы I қаңтар – Жаңа жыл				
2-апта дәйексөзі : Талап бар жерде тәртіп бар <u>13-17.01.25ж.</u>				
17	4145	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	13.01.25ж.
3-апта дәйексөзі : Тәртіп – тәрбие бастауы <u>20-24.01.25ж.</u>				
18	«Буллингтен қорған!» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 18- САБАҚ 7 - сыныптар : «Өзіңізге және айналаңыздағыларға қауіпсіз велосипед тебуді қалай ұамтамасыз етуге болады»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	20.01.25ж.
4-апта дәйексөздері: Өділет жолы- адал жол <u>27-31.01.25ж.</u>				
19	«Заң және Тәртіп» құндылығы «Сынған кездердегі алғашқы медициналық	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	27.01.25ж.

	<p>көмек. Қан аққан кездегі алғашқы медициналық көмек» ЖЖЕ №5 Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 19- САБАҚ 7- сыныптар : «Қиын кезеңдердегі достық: жанжалда досыңызға қалай қауіпсіз көмектесуге болады!</p>			
<p>Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық 14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні</p>				
<p>1-апта дәйексөзі: Жасампаздық – бәрімізге өнеге 03-07.02.25ж.</p>				
20	<p>«4 ақпан - Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні» «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 20-САБАҚ 7 сыныптар: «Менің негізгі құқықтарым мен міндеттерім</p>	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	03.02.25ж.
<p>2-апта дәйексөзі: Шығармашыл бала – ойлы бала 10-14.02.25ж.</p>				
21	<p>«Буллингтен қорған!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 21-САБАҚ 7- сыныптар: «Жедел жәрдем нөмірлері және сенім телефондары</p>	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	10.02.25ж.
<p>3-апта дәйексөзі: Өнерлі бала - өрге жүзер 17-21.02.25ж.</p>				
22	<p>Қауіпсіз қоғам / «Теміржол өтпелерінен жүріп өту. Қала сыртындағы жолдарда.ЖЖЕ №6 Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 22-САБАҚ 7- сыныптар: «Бейтаныс адамдармен қарым қатынас кезіндегі қауіпті сигналдар</p>	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	17.02.25ж.
<p>4-апта дәйексөзі: Жаңашылдық – заман талабы</p>				

24-28.02.25ж.				
23	<p>«Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 23-САБАҚ 7 - <i>сыныптар</i> : «Цифрлық диета» Челленджи: гаджеттерден қысқа уақытқа бас тарту сізге қалай әсер етеді?</p>	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	24.02.25ж.
<p>Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы 1 наурыз – Алғыс айту күні 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі 30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні</p>				
1-апта дәйексөзі: Патриотизм – ата-анаңды құрметтей білуің...(Б.Момышұлы)				
03-07.03.25ж.				
24	<p>«Алғыс – ізгі ниет» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 24-САБАҚ 7- <i>сыныптар</i> : «Кибербуллингтің түрлері. Әр адамның қауіпсіздігі неде және сіздің әрекеттеріңіздің алгоритмі қандай болуы керек»</p>	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	03.03.25ж.
2-апта дәйексөзі: Тәуелсіздік – тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік				
10-14.03.25ж.				
25	<p>Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы «Ананың аялы алақаны» челленджи <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 25- САБАҚ 7 - <i>сыныптар</i> : «Жағдайларда ата- аналарға сену неге маңызды?»</p>	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	10.03.25ж.
3-апта дәйексөзі: Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады				
17-21.03.25ж.				
26	<p>«Наурыз – жыл басы» «Велосипедшілер, мөнершілер қозғалысының ережелері» ЖЖЕ №7</p>	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	17.03.25ж.

	Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 26- САБАҚ 7- сыныптар : «Желідегі қауіпті хобби (треш - стрим)»			
IV тоқсан				
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы				
2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні				
7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні				
12 сәуір – Ғылым күні				
15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні				
18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні				
23 сәуір – Ұлттық кітап күні				
1-апта дәйексөзі: Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең 01-04.04.25ж.				
27	7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 27- САБАҚ 7- сыныптар : «Судағы қауіпті жағдайларды қалай тануға және судағы жазатайым оқиғалардың қалай алдын алуға болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	01.04.25ж.
2-апта дәйексөзі: Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап. (Абай) 07-11.04.25ж				
28	«Өмірге салауатты қадам» / «Велосипедтерде, мотоциклдерде және мотороллерлерде жолаушылар мен жүк тасымалы ережелері» ЖЖЕ №8 Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 28-САБАҚ 7- сыныптар: «Өзіңізге және айналаңыздағыларға қауіпсіз велосипед тебуді қалай ұамтамасыз етуге болады»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	07.04.25ж.
3-апта дәйексөзі: Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді. (Леонардо да Винчи) 14-18.04.25ж.				
29	«Буллингтен қорған!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) №29-САБАҚ 7- сыныптар: «Қиын кезеңдердегі достық:	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	14.04.25ж.

	жанжалда досыңызға қалай қауіпсіз көмектесуге болады!			
4-апта дәйексөзі: Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар 21-25.04.25ж.				
30	Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы «Атадан-өсиет, анадан қасиет» ата-аналарға арналған шеберлік сынып <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 30-САБАҚ 7- <i>сыныптар</i> : «Менің негізгі құқықтарым мен міндеттерім	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	21.04.25ж.
5-апта дәйексөзі: Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер 28.04-02.05.2025ж.				
31	«Біз әртүрліміз, бір теңбіз» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 31-САБАҚ: 7- <i>сыныптар</i> : «Жедел жәрдем нөмірлері және сенім телефондары	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	28.04.25ж.
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні 9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні 18 мамыр – Халықаралық мұражайлар күні 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні				
1-апта дәйексөзі: Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ 05-09.05.25ж.				
32	«Буллингтен қорған!» / «Велосипедшілермен арнайы белгіленген алаңда практикалық сабақтар» ЖЖЕ №9 <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 32-САБАҚ 7- <i>сыныптар</i> : «Бейтаныс адамдармен қарым қатынас кезіндегі қауіпті сигналдар	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	05.05.25ж.

**2-апта дәйексөзі: Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күнің жоқ
12-16.05.25ж.**

33	<p>Қауіпсіз қоғам <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 33-САБАҚ 7- <i>сыныптар</i> : «Цифрлық диета» Челленджі: гаджеттерден қысқа уақытқа бас тарту сізге қалай әсер етеді?</p>	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	12.05.25ж.
----	--	--------------	-----------------	------------

**3-апта дәйексөзі: Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлікті ойлау үшін тірлік керек. (Төле би)
19-23.05.25ж.**

34	<p>«Білім – Отаныма!» / «Велосипедшілермен арнайы белгіленген алаңда практикалық сабақтар» ЖЖЕ №10 <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 34-САБАҚ 7- <i>сыныптар</i> : «Кибербуллингтің түрлері. Әр адамның қауіпсіздігі неде және сіздің әрекеттеріңіздің алгоритмі ұндай болуы керек»</p>	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	19.05.25ж.
----	---	--------------	-----------------	------------

Класс жетекшінің қорытынды талдауы

Сынып: 7

Оқу жылы: 2024–2025

Класс жетекшісі: Балмуханов И.Ж

1. Жалпы сипаттама:

2024–2025 оқу жылында 7-сынып оқушыларына «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында жүйелі тәрбие жұмысы жүргізілді. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың бастамасымен әзірленген бұл бағдарлама оқушылардың бойына рухани-адамгершілік, патриоттық, жауапкершілік, адалдық, еңбекқорлық, шығармашылық және азаматтық белсенділік қасиеттерін дарытуға бағытталған.

2. Бағдарлама мазмұны мен жүзеге асуы:

№	Ай	Құндылық/тақырып	Іс-шара/Сынып сағаты
1	Қыркүйек	Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік	«Еңбек – өмір негізі» сынып сағаты
2	Қазан	Тәуелсіздік пен отаншылдық	«Менің Отаным – Қазақстан» тәрбие сағаты
3	Қараша	Жауапкершілік	«Жауапкершілік – сенімділік кепілі» пікірталас
4	Желтоқсан	Білім мен мәдени мұра	«Ұлттық құндылықтар» көрмесі
5	Қаңтар	Заң және әділдік	«Тәртіп – тәрбие негізі» талқылау сабағы
6	Ақпан	Адам өмірі және қауіпсіздік	«Қауіпсіздік ережелері» тренингі
7	Наурыз	Мейірімділік пен қайырымдылық	«Жылы жүрек – жомарт қол» акциясы
8	Сәуір	Кәсіби бағдар	«Менің болашақ мамандығым» жобалар көрмесі
9	Мамыр	Бірлік пен патриотизм	«Ұлы Жеңіс – ұрпаққа аманат» ерлік сабағы

3. Құндылықтар аясындағы оқушылар жетістігі мен өзгерісі:

- Патриоттық пен азаматтық жауапкершілік: Мемлекеттік мерекелерге белсенді қатысқан.
- Әділдік пен жауапкершілік: Ортақ іске адал қарау, тәртіп сақтау байқалды.
- Еңбекқорлық пен жанашылдық: Шығармашылық жұмыстарға қызығушылық артты.
- Коммуникативтік дағдылар: Өз ойын еркін жеткізу, пікір алмасу дамыды.

4. Оқушыларда қалыптасқан негізгі құндылықтар:

- Ұлттық сана мен Отанға деген сүйіспеншілік
- Жауапкершілік пен тәртіпке бағыну
- Өзара құрмет пен бірлік
- Шығармашылық пен ой еркіндігі
- Қоғамдық белсенділікке ұмтылу

5. Қорытынды:

7-сынып оқушылары жыл бойы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясындағы құндылықтарды қабылдап, тұлғалық және әлеуметтік дамуға он қадам жасады. Балалардың ойлау деңгейі, тәртібі мен қарым-қатынасы жүйелі түрде жақсарып келеді. Келесі оқу жылында бұл бағыттағы жұмыстарды тереңдете жалғастыру жоспарланып отыр.

Ұсыныс:

- Жоба, пікірталас және волонтерлік іс-шаралар санын арттыру;
- Құндылықтарға бағытталған жеке оқушы портфолиосын қалыптастыру;
- Ата-аналармен тәрбие жұмыстарының байланысын күшейту.

Класс жетекшісі: Байрақ

Күні: «26» мамыр 2025 жыл